22) тұрғын ғимарат – негізінен, тұрғын үй-жайлардан, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан және ортақ мүлік болып табылатын өзге де бөліктерден тұратын құрылыс;

23) тұрғын үй-жай – тұрғын үйдің тұрғын алаңын да, тұрғын емес алаңынан да тұратын үй-жай;

24) тұрғын емес үй-жай - тұрақты тұрудан өзге мақсаттарға арналған, оның ішінде қоғамдық мұқтаждықтар және/немесе шағын кәсіпкерлік үшін пайдаланылатын, тұрғын үйге іргелес (іргелес-жалғастыра) салынған жеке үй-жай;

25) тұрғын үйлердегі кіріктіре - жапсарластыра салынған үй-жайлар - өзге бағытта пайдаланылатын үй-жайлар (офистер, дүкендер, дәмханалар, шаштараздар және тағы басқалар);

26) тұрғын үйдің (тұрғын ғимарат) жалпы алаңы – барлық тұрғын үй-жайлардың пайдалы алаңдары мен барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңдарының, сондай-ақ ортақ мүлік болып табылатын тұрғын үй бөліктері алаңының жиынтығы.

27) шетелдік банктер – шет мемлекеттер заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген мемлекеттің заңнамасы негізінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс банктік қызметті жүзеге асыратын банктер және өзге де қаржы институттары;

3. Статистикалық байқауларда пайдалануға берілген объектілер туралы деректерді толтыруға объектіні пайдалануға беруді қабылдау және меншік иесінің өз бетінше салынған объектіні пайдалануға беру қабылдау актілері негіз болып табылады. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңына сәйкес ресімделген актілердің көшірмелері статистикалық есептілік нысанымен бірге ұсынылады.

Статистикалық нысандарды меншік нысанына және объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан экономикалық қызметтің барлық түрлерінің респонденттері ( құрылыс салушы ұйымдар) тапсырады.

Егер заңды тұлға оған статистикалық нысандарды тапсыру бойынша өкілеттіктер берсе, статистикалық нысандарды құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер өзінің орналасқан жері бойынша табыс етеді. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшенің мұндай өкілеттіктері болмаса, статистикалық нысандарды заңды тұлға өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде олардың орналасқан жерін көрсете отырып ұсынады.

Екі және одан да көп облыстардың аумағында объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың құрылымдық және оқшауланған

бөлімшелері әрбір аумақ бойынша ақпаратты жеке бланкілерде көрсете отырып, есепті ұсынады, яғни деректер енгізілген объектінің орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

Тұрғын ғимараттарға жеке және көппәтерлі тұрғын үйлер, мамандандырылған үйлер немесе әлеуметтік топтарға арналған тұрғын ғимараттар (жатақханалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, стационар жағдайында қарттар, мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер ( ұйымдар), тұрғылықты мекенжайы жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары), сондай-ақ адамдардың тұрақты тұруына жарамды өзге де күрделі ғимараттар мен құрылыстар жатады.

Әрбір объектіге жеке бланк толтырылады. Есепті айда барлық көрсеткіштер бойынша (түрі, орналасқан жері, қаржыландыру көзі, тұрғын үйдің типі) бірдей бірнеше объектілер бір уақытта пайдалануға берілген жағдайда, респондент тиісті ұяшықта олардың санын көрсете отырып, барлық объектілерге бір бланк толтырады. Есептің көрсеткіштері (ғимараттар саны, көлемі, ауданы, нақты құны және тағы басқалар) барлық объектілер бойынша қосылып келтіріледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 22.09.2022 № 28 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Пайдалануға берілген тұрақты тұруға арналған бақшалық үйлер (саяжай құрылыстары) өзгерту тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексімен регламенттелген жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген жағдайда және оларды жеке тұрғын үйлер ретінде жылжымайтын мүлікке қайта ресімдеу туралы тиісті құжаттары болған кезде тұрғын үй ғимараттары ретінде есепке алынады.

Тұрғын үйлер тұрғын емес мақсатымен кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайларымен пайдалануға берілген жағдайда, ғимараттың тұрғын үй бөлігіне жеке бланк, яғни кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайларды қоспай және мақсатына қарай әрбір кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайға жеке бланкілер толтырылады.

Тұрғын емес ғимаратты басқа мақсаттағы ғимараттан реконструкциялау немесе қайта жабдықтағаннан кейін пайдалануға беру кезінде 4-7-бөлімдердің деректері толтырылмайды.

Тұрғын ғимаратты басқа мақсаттағы ғимараттан реконструкциялау немесе қайта жабдықтағаннан кейін пайдалануға беру кезінде ғимараттар саны мен жалпы құрылыс көлемінен басқа, есептің барлық көрсеткіштері толтырылады.

Қираған ғимараттар, құрылыстар, өндірістік қуаттар мен өндірістік емес мақсаттағы объектілер қалпына келтірілгеннен кейін объектілер мен қуаттар тиісті мемлекеттік органдардың құжаттары негізінде пайдалануға қабылданады.

Объектілерді пайдалануға секциялап берген жағдайда ғимараттардың саны объектінің құрылысы толық аяқталып, пайдалануға тұтас берілгеннен соң ғана қойылады.

Жаңа тұрғын үйдегі жапсарлас салынған үй-жай, жапсарлас-кіріктіре салынған үй-жайлар пайдалануға берілген жағдайда жаңа ғимараттардың саны туралы деректер толтырылмайды.

Егер ғимараттар бір-біріне жанасып тұрса және ортақ қабырғасы болса, бірақ олардың әрқайсысы жеке конструктивті тұтас болса, онда олар жеке ғимараттар болып саналады және тиісінше есепке алынады.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау:

2, 3 және 6-бөлімдерде бір ғана ұяшық толтырылады. Бұл ретте, 2-бөлімде, егер 2.4.1-жол толтырылған болса, онда 2.4-жолды толтыру қажет және егер 2.5.1-жол толтырылған болса, онда 2.5-жолды толтыру қажет.

Егер 3.2-жол толтырылған болса, онда 3.2.1 (3.2.1.1 немесе 3.2.1.2) тармақтарының бірі толтырылады.

Егер 4-жол толтырылса, онда 5.1, 5.2-жолдар толтырылады.

Егер 6.7-жол толтырылса, онда 6.8-жол толтырылады.

7-жол жатақханалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, стационар жағдайында қарттар , мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар), тұрғылықты мекенжайы жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары және өзге де тұрғын ғимараттар (тұрғын үйлерден басқа) пайдалануға берілген жағдайда толтырылады.

Тұрғын үйлер пайдалануға берілген жағдайда 8-жол толтырылмайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 22.09.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
19-қосымша

Ескерту. 19-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 12.08.2024 № 24 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Приложение 19 к приказу
Председателя Комитета
по статистике Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан
от 4 февраля 2020 года
№ 16

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп
Отчет о вводе в эксплуатацию объектов

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Индексі<br>Индекс | 2-КС | жылдық<br>годовая | есепті кезең<br>отчетный период | жыл<br>год |

Жұмыс істейтіндердің санына қарамастан, есепті кезеңде объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады

Представляют юридические лица и их структурные и обособленные подразделения, осуществляющие в отчетном периоде ввод объектов в эксплуатацию независимо от численности работающих

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 1 наурызға (қоса алғанда) дейін

Срок представления –до 1 марта (включительно) после отчетного периода

БСН коды
код БИН

1. Пайдалануға берілген объект туралы жалпы мәліметтерді көрсетіңіз
Укажите общие сведения о введенном в эксплуатацию объекте

1.1 Есептің реттік нөмірі
Порядковый номер отчета

1.2 Объект түрінің атауы[1]
Наименование вида объекта[1]

1.3 Объектінің орналасқан жері (облыс, қала, аудан, елді мекен)
Местонахождение объекта (область, город, район, населенный пункт)

1.4 "Объектілер және қуаттар түрлерінің тізбесіне" сәйкес объект түрінің коды (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика бөлімшесінің тиісті қызметкері толтырады)
Код вида объекта согласно "Перечню видов объектов и мощностей" (заполняется работником территориального подразделения статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

1.5 "Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне" сәйкес объектінің орналасқан жерінің коды (статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште тапсыру кезінде аумақтық статистика бөлімшесінің қызметкері толтырады)
Код местонахождения объекта согласно "Классификатору административно-территориальных объектов" (заполняется работником территориального подразделения статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

1.6 Объектілер саны
Количество объектов

1.7 Учаскенің кадастрлық нөмірі
Кадастровый номер участка

2. Құрылысты қаржыландырудың басым көзін "√" белгісімен белгілеңіз
Отметьте знаком "√" преобладающий источник финансирования строительства

2.1 Республикалық бюджет
Республиканский бюджет

2.4 Банктердің кредиттері
Кредиты банков

2.2 Жергілікті бюджет
Местный бюджет

2.4.1 Шетелдік банктердің кредиттері
Кредиты иностранных банков

2.3 Меншікті қаражаттар
Собственные средства

2.5 Басқа да қарыз қаражаттары
Другие заемные средства

2.5.1 Резидент еместердің басқа да қарыз қаражаттары
Другие заемные средства нерезидентов

Ескертпе:
Примечание:

[1]Мұнда және бұдан әрі Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсындағы "https://cabinet.stat.gov.kz/ Респонденттерге// Статистикалық нысандар//Жылдық//2-КС" сілтемесі бойынша орналасқан " Объектілер және қуаттар түрлерінің тізбесіне" сәйкес толтырылады

[1]Здесь и далее заполняется согласно "Перечню видов объектов и мощностей ", размещенному на интернет-ресурсе Бюро национальной статистикиАгентства по стратегическому планированию и реформамРеспублики Казахстан по ссылке "https://cabinet.stat.gov.kz/Для респондентов//Статистические формы//Годовые формы//2-КС"

3. Құрылыстың басым сипатын "√" белгісімен белгілеңіз
Отметьте знаком "√" преобладающий характер строительства

3.1 Жаңа құрылыс ☐
Новое строительство

3 . 2 Реконструкциялау ☐
Реконструкция

3.2.1 Реконструкциялау кезінде объектінің мақсатты белгіленуі өзгере ме?
При реконструкции меняется ли целевое назначение объекта?

3.2.1.1 ИәДа ☐

3.2.1.2 Жоқ ☐
Нет

3.3 Кеңейту ☐
Расширение

3.4 Техникамен қайта жарақтандыру ☐
Техническое перевооружение

4. Жаңа ғимараттар санын көрсетіңіз, бірлік ☐
Укажите количество новых зданий, единиц

5. Жаңа тұрғын немесе тұрғын емес ғимараттар, жаңа тұрғын ғимараттағыкіріктіре - жапсарластыра салынған үй-жайлар немесе қолданыстағы ғимаратқа жапсаржай(қондыра салынған үй-жай) пайдалануға берілген кезде мыналарды көрсетіңіз:
При вводе в эксплуатацию нового жилого или нежилого здания, встроенно-пристроенногопомещения в новом жилом здании или пристройки (надстройки) к существующему зданию укажите:

5.1 Жалпы құрылыс көлемі, текше метр ☐
Общий строительный объем, кубических метров

5.2 Ғимараттардың жалпы алаңы, шаршы метр ☐
Общая площадь здания, квадратных метров (далее кв.метров)

6. Тұрғын үй пайдалануға берілген кезде үйдің түрін "√" белгісімен белгілеңіз
При вводе в эксплуатацию жилого дома отметьте знаком "√" тип дома

6.1 Жалға берілетін (коммуналдық) ☐
Арендный (коммунальный)

6.2 Жалға берілетін ☐
Арендный

6.3 Жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредит беру есебінен салынған ☐
Построенный за счет бюджетного кредитования местных исполнительных органов

6.4 Коммерциялық (ипотекалық кредит беру жүйесі бойынша сату үшін) ☐
Коммерческий (для продажи по системе ипотечного кредитования)

6.5 Серіктестік принциптерінде жергілікті бюджет пен салушының қаражаты есебінен салынған ☐
Построенный за счет местного бюджета и средств застройщика на принципах партнерства

6.6 Басқа ☐
Другой

7. Өзге де тұрғын үйлер пайдалануға берілген кезде тұрғын және қосалқыүй-жайлардың жалпы аланын көрсетіңіз, шаршы метр
При вводе в эксплуатацию прочего жилого здания укажите общую площадь жилыхи подсобных помещений, кв. метров

8. Тұрғын үй немесе жатақхана пайдалануға берілген кезде үйдің қабаттылығын "√" белгісімен белгілеңіз
При вводе в эксплуатацию жилого дома или общежития отметьте знаком "√" этажность здания

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8.1 1 қабатты<br>1-этажное | ☐ | 8.4 4 қабатты<br>4-этажное | ☐ | 8.7 20 қабатты және одан да биік<br>20-этажное и выше | ☐ |
| 8.2 2 қабатты<br>2-этажное | ☐ | 8.5 5-9 қабатты<br>5-9-этажное | ☐ | | |
| 8.3 3 қабатты<br>3-этажное | ☐ | 8.6 10-19 қабатты<br>10-19-этажное | ☐ | | |

9. Тұрғын үй немесе жатақхана пайдалануға берілген кезде абаттандыру дәрежесін"√" белгісімен белгілеңіз
При вводе в эксплуатацию жилого дома или общежития отметьте знаком "√" степень благоустройства

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жабдықталған:<br>Оборудовано: | 9.4 дербес жылыту (жеке қондырғылардан, қазандықтардан жылыту) автономн | ☐ | 9.8 желілік (табиғи) газ | ☐ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ое отопление (отопление от индивидуальных установок, котлов) | | газ сетевой (природный) | |
| 9.1 сумен жабдықтау водоснабжение | ☐ | 9.5 орталықтан ыстық сумен жабдықтау центральное горячее водоснабжение | ☐ | 9.9 сұйытылған газ(баллондағы) газ сжиженный (в баллонах) | ☐ |
| 9.2 кәріз канализация | ☐ | 9.6 жеке сужылытқыштардан ыстық сумен жабдықтау горячее водоснаб | ☐ | 9.10 электр плитасы(еденге қоятын) | ☐ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жение от индивидуальных водонагревателей | | электроплита ( напольная) | |
| 9.3 орталықтан жылыту центральное отопление | □ | 9.7 тұрақты ванна немесе сусебезгі стационарная ванна или душ | □ | | |

10. Тұрғын үй немесе жатақхананы пайдалануға берген кезде ғимарат қабырғалары мен аражабындарының материалын көрсетіңіз

При вводе в эксплуатацию жилого дома или общежития укажите материалы стен и перекрытий здания

10.1 Ғимарат қабырғаларының басым материалын "√" белгісімен белгілеңіз

Отметьте знаком "√" преобладающий материал стен здания

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10.1.1 кірпіш, тас кирпич, камень | □ | 10.1.6 ағаш, шпалдар дерево, шпалы | □ | 10.1.10 қаңқа-қамысты каркасно-камышитовый | □ |
| 10.1.2 ірі панелдік рупнопанельный | □ | 10.1.7 монолитті бетон (темір бетон) монолитн | □ | 10.1.11 ұлутас ракушечник | □ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ый бетон (железобетон) | | | |
| 10.1.3 қаңқа-панелді каркасно-панельный | ☐ | | ☐ | | ☐ |
| 10.1.4 көлемді-блокты объемно-блочный | ☐ | 10.1.8 ұялы бетон ячеистый бетон | ☐ | 10.1.12 басқа да қабырға материалдары другие стеновые материалы | ☐ |
| 10.1.5 ірі блоктык рупноблочный | ☐ | 10.1.9 саман саман | ☐ | | |

10.2 Ғимарат аражабындарының материалын "√" белгісімен белгілеңіз
Отметьте знаком "√"материал перекрытия здания

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10.2.1 темірбетон железобетон | ☐ | 10.2.2 ағаш деревянные | ☐ | 10.2.3 ағаш-темірбетон деревянно – железобетонные | ☐ | 10.2.4 басқа да жабынды материалдары другие материалы перекрытия | ☐ |

11. Тұрғын үй пайдалануға берілген кезде пәтерлер туралы мәліметтерді көрсетіңіз
При вводе в эксплуатацию жилого дома укажите сведения о квартирах

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1. Пәтерлер саны, бірлік Количество квартир, единиц | 2. Пәтерлердің жалпы алаңы, шаршы метр Общая площадьквартир, кв. метров | 3. Пәтерлердің тұрғын алаңы, шаршы метр Жилая площадь квартир, кв. метров |

Соның ішінде
В том числе:

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11.1.1 Бір бөлмелі Однокомнатные | | | |
| 11.1.2 Екі бөлмелі Двухкомнатные | | | |
| 11.1.3 Үш бөлмелі Трехкомнатные | | | |
| 11.1.4 Төрт бөлмелі Четырехкомнатные | | | |
| 11.1.5 Бес бөлмелі Пятикомнатные | | | |
| 11.1.6 Алты бөлмелі Шестикомнатные | | | |
| 11.1.7 Жеті бөлмелі Семикомнатные | | | |
| 11.1.8 Сегіз және одан да көп бөлмелі Восьми и болеекомнатные | | | |

12. Объекті пайдалануға берілген кезде жаңартылатын энергия көздерінің түрлері пайдаланылатын болса, онда "√" белгісімен белгілеңіз
Если при вводе в эксплуатацию объекта используются виды возобновляемых источников энергии, то отметьте знаком "√"

| 12.1 Жылу энергиясының түрлері Виды теплоэнергии | а) негізгі түрі основной вид | б) қосалқы түрі вспомогательный вид |
|---|---|---|
| 12.1.1 күн сәулесі жылу энергиясы теплоэнергия солнечная | | |
| 12.1.2 геотермальдық | | |

| | | |
|---|---|---|
| көздерден алынғанжылу энергиясы теплоэнергия от геотермальныхи сточников | ☐ | ☐ |
| 12.1.3 биогаздан алынған жылу энергиясы теплоэнергия от биогаза | ☐ | ☐ |
| 12.1.4 биомассадан алынған жылу энергиясы теплоэнергия от биомассасы | ☐ | ☐ |
| 12.1.5 өзге де жылу энергиясы теплоэнергия прочая | ☐ | ☐ |
| 12.2 Электр энергиясының түрлері Виды электроэнергии | а) негізгі түрі основной вид | б) қосалқы түрі вспомогательный вид |
| 12.2.1 күн сәулесі электр энергиясы электроэнергия солнечная | ☐ | ☐ |
| 12.2.2 жел электр энергиясы электроэнергия ветровая | ☐ | ☐ |
| 12.2.3 жел/күн сәулесі электр энергиясы электроэнергия ветровая/ солнечная | ☐ | ☐ |
| 12.2.4 биогаздан алынатын электр энергиясы электроэнергия от биогаза | ☐ | ☐ |

12.2.5 өзге де электр энергиясы электроэнергия прочая ☐ ☐

13. Пайдалануға берілген объектілерінің энергия тиімділігі сыныбын"√" белгісімен белгілеңіз
Отметьте знаком "√" класс энергоэффективности введенных в эксплуатацию объектов

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13.1 өте жоғары: очень высокий: | 13.1.1 "А++" | ☐ | 13.1.2 "А+" 13.1.3 "А" | ☐ | | ☐ |
| 13.2 жоғары: высокий: | 13.2.1 "В+" | ☐ | 13.2.1 "В" | ☐ | 13.3.2 "С+" | ☐ |
| 13.3 қалыпты: нормальный: | 13.3.1 "С" | ☐ | 13.3.2 "С-" | ☐ | | |

14. Өзге де тұрғын ғимараттар, тұрғын емес ғимараттар, тұрғын емес мақсаттағы кіріктіре - жапсарластыра салынған үй-жайлар немесе имараттар пайдалануға берілген кезде мыналарды көрсетіңіз:
При вводе в эксплуатацию прочего жилого здания, нежилого здания, встроенно-пристроенного помещения нежилого назначения или сооружения укажите:

| | |
|---|---|
| 14.1 "Объектілер және қуаттар түрлерінің тізбесіне" сәйкес өлшем бірлігін<br>Единицу измерения согласно "Перечню видов объектов и мощностей" | 14.2 Пайдалануға берілген қуатты<br>Введенную мощность |
| ☐ | ☐ |

15. Объект құрылысының нақты құнын көрсетіңіз, мың теңгемен
Укажите фактическую стоимость строительства ☐

объекта, в тысячах тенге

16. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен(қажеттісін қоршаңыз)
Укажите время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 сағатқа дейін до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | 40 сағаттан артық более 40 часов |

Атауы Мекенжайы (респонденттің)
Наименование ____________________________ Адрес (респондента) ________
Телефоны (респонденттің) _________________________________ ___________________
Телефон (респондента) стационарлық ұялы
стационарный мобильный
Электрондық почта мекенжайы (респонденттің) ___________________________________
Адрес электронной почты (респондента)
Орындаушы
Исполнитель ______________________________________________ ___________________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон
Бас бухгалтер
Главный бухгалтер ________________________________________ ___________________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись
Басшы немесе оның міндетін атқарушы
Руководитель или лицо,
исполняющее его обязанности _____________________________ ___________
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись
Ескертпе:
Примечание:

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
20-қосымша

**"Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп" (индексі 2-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 20-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 12.08.2024 № 24 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп" (индекс 2-КС, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) банктердің кредиттері – бұл қарыз алушының қаржы қаражатына қажеттілігін қанағаттандыру үшін банк беретін ақшалай қаражаттар;

2) басқа да қарыз қаражаттары – шаруашылық жүргізетін субъектіге тиесілі емес, бірақ оның иелігінде уақытша болатын және оның өз қаражатымен бірдей пайдаланылатын ақша қаражаттары, оларға (банк кредиттерінен басқа) басқа заңды және жеке тұлғалардан қарыздар, отандық және шетелдік банктік емес мекемелер ( микрокредиттік ұйымдар), резидент емес заңды және жеке тұлғалар беретін қарыздар, және гранттар;

3) биомасса – органикалық, қазба емес биологиялық туынды материалдар;

4) биогаз – биомассаны ашыту нәтижесінде алынатын метан, көміртегінің және ( немесе) сутегінің монооксиді;

5) геотермальдық энергия – жер қабатынан бөлінетін жылу, әдетте, қыздырылған су немесе бу түріндегі энергия;

6) ғимараттың жалпы құрылыс көлемі - бұл плюс, минус 0,00 (жерүсті бөлігі) белгісінен жоғары және осы белгіден төмен (жерасты бөлігі) құрылыс көлемінің жиынтығы. Ғимараттың жерасты және жерүсті бөліктерінің құрылыс көлемі шектеуші беттер шегінде айқындалады;

7) ғимараттардың, құрылыстардың, имараттардың энергия тиімділігі класы – ғимараттардың, құрылыстардың, имараттардың энергия тұтыну үнемділігінің пайдалану сатысындағы энергия тиімділігін сипаттайтын деңгейі;

8) жапсаржай (қондырма) – өндірістік ғимараттар мен үй-жайлардан өртке қарсы кедергілермен бөлініп тұратын, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайларды орналастыруға арналған ғимарат бөлігі;

9) сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай – Қазақстан Республикасының азаматтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан сатып алу құқығынсыз ақылы пайдалануға берілетін тұрғынжай;

10) жалға берілетін үй - жеке және (немесе) заңды тұлғаға меншік құқығымен тиесілі, жалдауға беруге арналған тұрғын үй (тұрғын ғимарат), тұрғын үй-жайлар ( пәтерлер);

11) жаңа құрылыс – пайдалануға берілгеннен кейін дербес баланста болатын, жаңадан құрылатын кәсіпорындардың, ғимараттар мен имараттардың, сондай-ақ филиалдар мен жекелеген өндірістердің негізгі, қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілер кешенін салу;

12) жаңартылатын энергия көздері – табиғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесі энергиясы , жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың , жерасты суларының, өзендердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және ( немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын;

13) жел энергиясы – электр энергиясын өндіру үшін жел қозғалтқыштарында пайдаланылатын желдің кинетикалық энергиясы;

14) күн энергиясы – күн сәулесіне тікелей қойылатын арнайы жартылай өткізгіш күн пластиналы коллекторлардың көмегімен жылу және электр энергиясына түрлендірілген күн сәулесінің энергиясы;

15) жергілікті бюджет қаражаттары – бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға жергілікті бюджеттен бөлінетін ақшалай қаражаттар;

16) имарат – табиғи немесе жасанды кеңістіктік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (жылжытуға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды ауқымды, жазықтық немесе желілік объект (жерүсті, субеті және (немесе) жерасты, суасты);

17) қайта жаңғырту – ғимараттың, имараттың жұмыс істеуін жақсарту үшін қайта құру немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда (станцияларда) өндіріс көлемін ұлғайтуды көздейтін іс-шаралар кешені;

18) кеңейту – жұмыс істеп тұрған кәсіпорындағы (имараттағы) қосымша өндірістер құрылысы, сондай-ақ қосымша немесе жаңа өндірістік қуаттар құру мақсатында жұмыс істеп тұрған аумақта немесе оған жанасатын алаңдарда жаңа құрылыс және қолданыстағы жекелеген цехтар мен негізгі, қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілерді кеңейту;

19) коммерциялық тұрғын үйлер – коммерциялық (мемлекеттік емес) құрылыс салушылар әрі қарай ипотекалық кредит беру жүйесі бойынша сату үшін салған, оның ішінде банктерден ипотекалық кредиттер алған үлескерлер қаражатын тартумен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша салынған үйлер;

20) күн энергиясы – тікелей күн сәулесіне қаратып қойылатын арнайы жартылай өткізгіштік күн сәулесі пластиналық коллекторлардың көмегімен жылу және электр энергиясына түрленген күн сәулесі энергиясы;

21) құрылыстың нақты құны – құрылыс салушының тапсырыс беруші нақты төлеген сомаларында құрылыс және монтаж жұмыстарына, тапсырыс беруші сатып алған жабдықтың, құралдың, мүкәммалдың құнына, жобалау-іздестіру жұмыстары мен шығындарына күрделі шығындар; сондай-ақ құрылыс объектісінің мүкәммалдық құнына жатқызылатын залалдарға нақты жұмсалған сома;

22) құрылыс объектісі – құрылысына (қайта құрылуына, кеңейтілуіне) дербес объектілік смета құрастырылатын, оған тиесілі барлық жабдықтары, мүкәммалдары, құралдары, галереялары, эстакадалары, ішкі инженерлік желілері және коммуникациялары бар жеке үй немесе имарат;

23) меншікті қаражаттар – негізгі капиталды инвестициялауға бағытталған ұйымдардың жарғылық капиталына кәсіпорындардың, ұйымдардың, халықтың қаражаттары, оның ішінде құрылтайшылардың салымдары;

24) пәтерлердің жалпы алаңы – лоджияларды, балкондарды, дәліздер, террасаларды есепке алғанда пәтердің тұрғын және қосалқы үй-жайларының жиынтық алаңы;

25) резидент еместердің басқа да қарыз қаражаттары – резидент емес заңды тұлғалар және жеке тұлғалардың, шетелдік банктік емес мекемелердің қарыздары есебінен жүзеге асырылатын инвестициялар;

26) республикалық бюджет қаражаттары – бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін республикалық бюджеттен бөлінетін ақшалай қаражаттар;

27) тапсырыс беруші (құрылыс салушы) - күрделі құрылыс жүргізуге мердігер ұйыммен шарт жасайтын және осы мақсатта өз қаражаты бар немесе күрделі құрылыс жасауға қаржы бөлінетін ұйым, кәсіпкерлік субъектілері немесе мекеме.

28) техникалық қайта жарақтандыруға өндірістің озық техника мен технологияны, механикаландыру мен автоматтандыруды енгізу, ескірген және физикалық тозған жабдықтарды жаңарту және жаңа, анағұрлым өнімдірек жабдықтармен ауыстыру

негізінде жекелеген өндірістердің, цехтардың және учаскелердің техникалық-экономикалық деңгейін көтеру, сондай-ақ жалпы зауыттық шаруашылықты және қосалқы қызметті жетілдіру бойынша іс-шаралар кешені жатады;

29) тұрғын емес ғимараттар – адамдардың тұрақты тұруынан басқа, өзге мақсаттарда пайдаланылатын ғимарат (әкімшілік ғимараттар, банк ғимараттары, театрлар, спорттық кешендер, мейрамханалар, барлар, асханалар, ауруханалар, емханалар, санаторийлер, мектептер, балабақшалар, зауыт цехтары, наубайханалар, типографиялар, шаштараздар, шіркеулер, мешіттер, моншалар, автогараждар және басқалар);

30) тұрғын ғимарат – негізінен, тұрғын үй-жайлардан, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлардан және ортақ мүлік болып табылатын өзге де бөліктерден тұратын құрылыс;

31) тұрғын үй-жай – тұрғын үйдің тұрғын алаңын да, тұрғын емес алаңынан да тұратын үй-жай;

32) тұрғын емес үй-жай - тұрақты тұрудан өзге мақсаттарға арналған, оның ішінде қоғамдық мұқтаждықтар және/немесе шағын кәсіпкерлік үшін пайдаланылатын, тұрғын үйге іргелес (іргелес-жалғастыра) салынған жеке үй-жай;

33) тұрғын үйлердегі кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайлар – өзге бағытта пайдаланылатын үй-жайлар (офистер, дүкендер, дәмханалар, шаштараздар);

34) тұрғын үйдің (тұрғын ғимарат) жалпы алаңы – барлық тұрғын үй-жайлардың пайдалы алаңдары мен барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңдарының, сондай-ақ ортақ мүлік болып табылатын тұрғын үй бөліктері алаңының жиынтығы;

35) шетелдік банктер – шет мемлекеттер заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген мемлекеттің заңнамасы негізінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс банктік қызметті жүзеге асыратын банктер және өзге де қаржы институттары;

36) энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) – энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар.

3. Статистикалық байқауларда пайдалануға берілген объектілер туралы алғашқы статистикалық деректерді толтыруға объектіні пайдалануға беруді қабылдау және меншік иесінің өз бетінше салынған объектіні пайдалануға беру қабылдау актілері негіз болып табылады. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңына сәйкес ресімделген актілердің көшірмелері статистикалық есептілік нысанымен бірге ұсынылады.

Статистикалық нысандарды меншік нысанына және объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан экономикалық қызметтің барлық түрлерінің респонденттері ( құрылыс салушы ұйымдар) тапсырады.

Егер заңды тұлға оған статистикалық нысандарды тапсыру бойынша өкілеттіктер берсе, статистикалық нысандарды құрылымдық және оқшауланған бөлімшелер өзінің орналасқан жері бойынша табыс етеді. Егер құрылымдық және оқшауланған бөлімшенің мұндай өкілеттіктері болмаса, статистикалық нысандарды заңды тұлға өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері бөлінісінде олардың орналасқан жерін көрсете отырып ұсынады.

Екі және одан да көп облыстардың аумағында объектілерді пайдалануға беруді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері әрбір аумақ бойынша ақпаратты жеке бланкілерде көрсете отырып, статистикалық нысанды ұсынады, яғни алғашқы статистикалық деректер енгізілген объектінің орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

Тұрғын ғимараттарға жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлер, мамандандырылған үйлер немесе әлеуметтік топтарға арналған (тұрғын ғимараттар, жатақханалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, стационар жағдайында қарттар, мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер ( ұйымдар), белгілі бір тұрғылықты мекенжайы жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары), сондай-ақ адамдардың тұрақты тұруына жарамды басқа да ғимараттар мен құрылыстар жатады.

Статистикалық нысанды тапсыру кезінде әрбір объектіге жеке бланк толтырылады.

1.7-жолда учаскенің кадастрлық нөмірі көрсетіледі. Бір учаскеде бірнеше объект пайдалануға берілген жағдайда кадастрлық нөмір әрбір объект бойынша қайталанады.

4. Пайдалануға берілген тұрақты тұруға арналған бақшалық үйлер (саяжай құрылыстары) өзгерту тәртібі Қазақстан Республикасы Жер кодексімен регламенттелген жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген жағдайда және оларды жеке тұрғын үйлер ретінде жылжымайтын мүлікке қайта ресімдеу туралы тиісті құжаттары болған кезде тұрғын үй ғимараттары ретінде есепке алынады.

Тұрғын үйлер тұрғын емес мақсаттағы кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайларымен пайдалануға берілген жағдайда, ғимараттың тұрғын үй бөлігіне жеке бланк, яғни кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайларды қоспай және мақсатына қарай әрбір кіріктіре-жапсарластыра салынған үй-жайға жеке бланкілер толтырылады.

Тұрғын емес ғимаратты басқа мақсаттағы ғимараттан реконструкциялау немесе қайта жабдықтағаннан кейін пайдалануға беру кезінде, 4-13-бөлімдердің алғашқы статистикалық деректері толтырылмайды.

Тұрғын ғимаратты басқа мақсаттағы ғимараттан реконструкциялау немесе қайта жабдықтағаннан кейін пайдалануға беру кезінде ғимараттар саны, жалпы құрылыс көлемі, ғимараттардың қабаттылығы, абаттандыру дәрежесі және үй қабырғаларының материалдарынан басқа барлық көрсеткіштер толтырылады.

Қираған ғимараттар, құрылыстар, өндірістік қуаттар мен өндірістік емес мақсаттағы объектілер қалпына келтірілгеннен кейін объектілер мен қуаттар тиісті мемлекеттік органдардың құжаттары негізінде пайдалануға қабылданады.

Объектілерді пайдалануға секциялап берген жағдайда ғимараттардың саны объект құрылысы толық аяқталып, пайдалануға тұтас берілгеннен соң ғана қойылады.

Жаңа тұрғын үйдегі жапсарлас салынған үй-жай, жапсарлас-кіріктірме жайлар пайдалануға берілген жағдайда жаңа ғимараттардың саны туралы алғашқы статистикалық деректер толтырылмайды. Тұрғын үйлерге жапсаржай (қондырма) пайдалануға берілген жағдайда 11-бөлімнің 2,3-бағандарын толтыру қажет.

Егер ғимараттар бір-біріне жанасып тұрса және ортақ қабырғасы болса, бірақ олардың әрқайсысы жеке конструктивті тұтас болса, онда олар жеке ғимараттар болып саналады және тиісінше есепке алынады.

12-бөлім жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер пайдалануға берілген жағдайда толтырылады. Тек қана жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер пайдалануға берілген жағдайда "Негізгі түрі" бағаны толтырылады. Жаңартылатын энергия көздерін ішінара пайдаланатын объектілер пайдалануға берілген жағдайда (негізгі жылу және электрмен қамтамасыз етуден басқа) "Қосалқы түрі" бағаны толтырылады.

13-бөлімде Энергия тиімділігі сыныбы 2.04-07-2022 "Ғимараттардың жылу қорғанышы" Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларына сәйкес көрсетіледі.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (https://cabinet.stat.gov.kz/) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау

2.1–2.5, 3.1–3.4, 6.1–6.6, 8.1–8.7, 10.1.1–10.1.12, 10.2.1–10.2.4, 12-12.3-жолдарда бір ғана ұяшық толтырылады. Бұл ретте, егер 2.4.1-жол толтырылған болса, онда 2.4-жолды толтыру керек және егер 2.5.1-жол толтырылған болса, онда 2.5-жолды толтыру керек.

Егер 3.2-жол толтырылған болса, онда 3.2.1 (3.2.1.1 немесе 3.2.1.2) тармақтарының бірі толтырылады.

9.3 және 9.4, 9.5 және 9.6, 9.8 және 9.9-жолдары бойынша екі ұяшықтан біреуі ғана толтырылады.

Егер 4-жол толтырылса, онда 5.1 және 5.3-жолдар толтырылуы керек.

11.1.1-11.1.8-жолдарында барлық үш баған толтырылады.

7-жол жатақханалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, балалар үйлері, стационар жағдайында қарттар , мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға арналған

медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар), тұрақты мекенжайы жоқ адамдарды бейімдеу орталықтары және өзге де тұрғын ғимараттар (тұрғын үйлерден басқа) үшін толтырылады.

14-жол тұрғын үйлерден басқа барлық объектілер үшін толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
21-қосымша

**Хабарлама бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы сауалнама**

Ескерту. 21-қосымша алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 13.01.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
22-қосымша

**"Хабарлама бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіле бастағаны туралы сауалнама" (индексі F-001, кезеңділігі жартыжылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 22-қосымша алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 13.01.2021 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
23-қосымша

**Хабарлама бойынша құрылыс барысы және объектіні пайдалануға беру туралы туралы сауалнама**

Ескерту. 23-қосымша алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 13.01.2021 № 3 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 16 бұйрығына
24-қосымша

**"Хабарлама бойынша құрылыс барысы және объектіні пайдалануға беру туралы сауалнама" (индексі F-004, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

Ескерту. 24-қосымша алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 13.01.2021 № 3 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК